

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Ақынбекова Алтын Бақашқызының «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» атты ғылыми диссертациясына ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы, доцент**

**Рамазан Айгүлдің**

### **Пікірі**

Тәуелсіздік алып, қоғамдық санада жаңғыру, жаңару процесі басталғалы бері қазақ елінің тарихын, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеу, зерделеу ісі қарқынды жүргізіліп келеді. «Отар елдің тарихын отарлаушы ел жазады» деген қисынға сүйенсек, отарлаушылар түзген жасанды тарихты жоя отыра, өз елінің шынайы тарихын қалпына келтіруге ұмтылу – әрбір парасатты ғалымның парызы деп білеміз. Осы тұрғыдан келген кезде ізденуші Алтын Ақынбекованың XX ғасырдың басында жарық көрген қазақ журналдары тарихын, қызметін зерттеуге деген талпынысын қолдап, қолпаштауға болады. Себебі, кеңестік кезеңде алғашқы қазақ журналдарына кеңестік идеологияға сай баға берілді. Алғашқы қазақ басылымдарын шығарушылардың еңбегін бағалаудан гөрі, қаралау, даттау басым болды. «Байшыл», «буржуазияшыл», «алашордашыл», «ұлтшылдар» шығарған деген айыптаулар ел тәуелсіздігін алғанға дейін жалғасты.

XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің ұлттың санасын оятудағы маңызы зор болды. «Түнерген бұлттар арасынан» кейде ыммен айтып, кейде еппен айтып саяси ахуалдан хабардар ете отырып, ұлт рухын оятуды мақсат еткен, халықты өнер, білімге үндеген, етек-жеңін жиып, еңсесін тіктеуге жетелеген «Қазақ» газетінің дара жолын төңкерістің алды-артында шыққан қазақ басылымдарының дені үлгі тұтты. Тәуелсіздікті ұлы мұрат еткен басылымдардың басында «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Абай» тұрса, кеңестік билік тұсында шықса да «Шолпан», «Таң» журналдары олардың дәстүрін, идеясын жалғастыра білді. Себебі, бұл басылымдарда Алаш идеясын ту етін ұстаған азаматтар қызмет істеді.

Докторант Алтын Ақынбекова заман сұранысы қажет етіп отырған тақырыпты зерттеу объектісі етіп ала отырып, көп ізденді, еліміздің мұрағаттарын шарлап, тың деректер таба білді. Ұлт руханиятының алтын қазығына айналған «Абай» журналының жоғалған №12 санын тауып, ғылыми ортаға жағымды жаңалық алып келді. Тәшкендегі «Ақжолдың» қоржынынан шыққан тұңғыш сатиралық журнал «Шаншардың» (1925 ж.) №1 санының екі нұсқасын тауып және қуантты. Зерттеу нысаны етіп алған тоғыз журналдың төртеуінің, оның ішінде «Абай» журналының №12 санының, «Темірқазық»

журналының №1,2,3 сандарының, «Шаншар» журналының №1 санының екі нұсқасын, «Мұғалім» журналының №7 санының факсимильдік нұсқасын «Қазақ университеті» баспасынан шығарып, ұрпақ кәдесіне жарар үлкен іске мұрындық болды.

Докторант А. Ақынбекова үш жылғы ізденісі барысында мол материал жинай алды, әрі жиналған материалды ғылыми жұмысты жазу барысында сұрыптап, екшеп қолдана алды. Диссертациялық жұмыс үш тараудан тұрады. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты баспасөздің де бағыты өзгеріп тұратынын ескере отырып, Алаш бағытындағы басылымдарды бір тарауға, кеңестік бағыттағы басылымдарды бір тарауға топтастырды. Әр бағыттағы басылымдардың идеялық-тақырыптық ерекшеліктеріне тоқтала отырып, авторлық құрамына, жанрлық жіктелісіне жіті мән бергендігін байқауға болады. Бүркеншік есімдерді ашуда біраз тер төкті. Үшінші тарау салалық журналдарға арналған. Қазақ ғылымының дамуына негіз салған ғылыми басылымдарды сараптай отырып, қазақ сатирасының бастау бұлағы – «Шаншардың» шымшымасына талдау жасауы орынды.

Ізденуші Алтын Ақынбекованың төте жазуды меңгеруі және тақырыбына деген зор қызығушылығы, ерекше сүйіспеншілігі байыпты да, байсалды зерттеудің дүниеге келуіне әсер етті деп ойлаймын.

Алтын Бақашқызы Ақынбекованың «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» атты диссертациясы философия докторы (PhD) атағын алуға әбден лайық деп білемін.

Отандық кеңесші,  
ф.ғ.д., доцент



Айгүл Рамазан

РАСТАЙМЫН  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар  
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
РЕ. Кудайбергенова

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.

